

УНИВЕРСИТЕТ
МЕЖДУНАРОДНОГО
БИЗНЕСА



UNIVERSITY
OF INTERNATIONAL
BUSINESS

UNIVERSITY OF INTERNATIONAL BUSINESS

Аға оқытушы Қалимұратқызы Ботагөз
bkalimuratkyzy@bk.ru



UIB
SINCE 1992

УНИВЕРСИТЕТ
ПРАКТИЧЕСКИХ
ЗНАНИЙ

Тақырып 6. Салықтар және салық салу

Қарастыратын сұрақтар

- 1. Салықтардың ұғымы мен әлеуметтік – экономикалық мәні**
- 2. Салықтардың сыныптамасы және оларды өндіріп алуды ұйымдастыру**
- 3. Қазақстан Республикасының салық жүйесі**
- 4. Қазақстанда салықтардың негізгі түрлерінің жұмыс істеуінің ерекшеліктері**
- 5. Салықтарды аударып салу және салық салудан жалтарыну**

Салықтар – тауарлы өндіріспен бірге, қоғамның топқа бөлінуінің және мемлекеттің пайда болуымен, оған әскер, сот, қызметкерлер ұстауға қаражаттың қажет болуынан пайда болды.

Салықтардың *экономикалық мәні* олардың өзінің функциялары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін мемлекет жұмылдыратын ұлттық табыстың бір бөлігі болып табылатындығында.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 35-бабында: заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді *төлеу әркімнің борышы әрі міндеті* болып табылады, - деп жазылған.



UIB
SINCE 1992

Салық – мемлекет бір жақты тәртіппен заң жүзінде белгілеген, белгілі бір мөлшерде және мерзімде бюджетке төленетін *қайтарымсыз және өтеусіз, тұрақты* сипаттағы міндетті төлемдер.

Салықтар – *қайтарымсыз, баламасыз және тұрақты* сипаттағы құқықтық формадағы мемлекет арқылы белгіленген міндетті төлемдер. Барлық салықтар және өзге де міндетті төлемдер Республикалық және жергілікті бюджеттің кіріс көзі болып табылады.



UIB
SINCE 1992

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті
төлемдер туралы (Салық кодексі) Қазақстан
Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 99-IV
Кодексі бойынша қабылданған.



UIB
SINCE 1992

Салық – мемлекеттік органдардың қызметін қамтамасыз ету мақсатында жеке және заңды тұлғалардан алынатын, мемлекет бекіткен міндетті төлем.

Алым – қандай да бір қызметті жүзеге асыруға немесе қандай да бір игілікті қолдануға құқық беретін, арнайы құқықтық қатысуды иелену үшін жеке және заңды тұлғалардан алынатын міндетті біржолғы жарна. Немесе алым дегеніміз, белгілі бір құқықты беру үшін төленетін міндетті жарна.

Төлемақы – қайтарылатын және эквивалентті төлем, ол мемлекет азаматтық құқық субъектісі болған жағдайда, азаматтық-құқықтық қатынастарға жанама түрде жүреді. Төлемақы сонымен қатар – уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан өздеріне өтінішпен келген тұлғаларға көбінесе материалдық сипаттағы табиғи, кейде, өзгеше мақсатта пайдаланылатын белгілі бір объектілерді, не болмаса, соларға байланысты рұқсаттарды бергені үшін заңды немесе жеке тұлғалардан эквивалентті түрде алынатын алым.



UIB
SINCE 1992

Мемлекеттік баж – құқықтық маңызы бар қызметтерді жүзеге асырғаны үшін және соған мемлекеттік органдар немесе құзырлы тұлға өкілеттілік берген құжаттарды беру кезінде алынатын – міндетті төлемақы. Немесе баж дегенміз, мемлекеттік қызметтің орнына құқықтық маңызы бар қызметтерді қолданғаны үшін алынатын міндетті төлемақылардың бір түрі.

Кедендік төлемақы – кедендік істі жүзеге асыру кезінде алынатын төлемдер.



UIB
SINCE 1992

Салық салу элементтері мыналар: субъект, объект, салық көзі, салық мөлшерлемесі, салық өлшем бірлігі, салықоқлады, салық жеңілдіктері, салық төлеу мерзімі мен тәртібі, салық төлеуші мен салық органдарының құқықтары мен міндеттері, салықтың төлеуін бақылау, салықтық жазалау шаралары.



UIB
SINCE 1992

Салықтарды салу объектісі бойынша, олар тура және жанама салықтар болып бөлінеді.

Тура салықтар – салық төлеушінің кірісі мен мүлкінен тікелей төленген салықтар. Олар өз кезегінде нақты және жеке салықтарға жіктеледі. Нақты салықтар салық төлеушілердің мүлкінің кейбір түрлеріне салынады. Жеке тура салықтар – бұл жеке адамдар мен заңды ұйымдардың табыстары мен мүлкіне салынатын салықтар. Нақты салықтардан айырмашылығы – жеке салық салу әрбір салық төлеушінің жеке табысы мен мүлкін де, оның қаржы жағдайын да ескереді.



UIB
SINCE 1992

Тура салықтарға мына салықтар жатады:

- заңды және жеке тұлғалардың табысына салынатын салықтар;
- мүлік салығы;
- жер салығы;
- бағалы қағаздармен жүргізілетін операцияларға салынатын салық;
- жер қойнауын пайдаланушылардың арнайы салығы мен төлемі;
- көлік құралдарына салынатын салық.



UIB
SINCE 1992

Жанама салықтар – баға немесе тарифке үстем түрінде белгіленген салық төлеушінің кірістері мен мүлкіне тікелей байланысты салықтар. Жанама салықтарға:

- қосылған құнға салынатын салық;
- акциздер;
- баж салығы жатады.

Жанама салықтарға сондай-ақ сыртқы экономикалық қызметтен түсетін түсімдер де жатады.



UIB
SINCE 1992

Пайдалану тәртібіне қарай барлық салықтар жалпы және мақсатты болып бөлінеді.

- **Жалпы салықтар** тиісті деңгейлердегі бюджеттерді шоғырландырылады және жалпы мемлекеттік қажеттіліктерді қаржыландыруға пайдаланылады.
- **Мақсатты салықтардың** нысаналы арналымы болады және әдеттегідей түрлі арнаулы қорлардың қаржы базасын құруға арналады.

Объектінің экономикалық белгілері бойынша табысқа салынатын салықтар және тұтынуға салынатын салықтар болып ажыратылады.

- **Табысқа салынатын салықтар** төлеушінің салық салынатын кез-келген объектіден алған табыстарынан алынады.
- **Тұтынуға салынатын салықтар** – бұл тауарлар мен қызметтер көрсетуі тұтыну кезінде төленетін шығынға салынатын салықтар.



Салық салу объектісіне бағалау дәрежесіне қарай салықтар нақтылы және дербес болып жіктеледі.

- ***Нақтылы салықтар*** – салық төлеушінің салық салу объектісінен алынатын табысының мөлшеріне байланысты емес, яғни салық төлеушінің мүлкінің сыртқы бейнесіне қарай алынады.
- ***Дербес салықтар*** – салық төлеушінің салық төлейтін объектісінен алынатын табысының мөлшеріне байланысты алынады.



UIB
SINCE 1992

Салық кодексінде Қазақстан Республикасында салық салудың мынадай принциптері бекітілген.

- ***Салық салудың міндеттілік принципі.*** Салық төлеуші салықтық заңнамаға сәйкес өзінің салықтық міндеттемелерін толық көлемде және бекітілген мерзімде орындауға міндетті.
- ***Салық салудың анықтылық принципі.*** Салықтар мен Қазақстан Республикасының бюджетіне міндетті басқа да төлемдер анықталған болуы тиіс. Салық салудың анықтылығы салықтық заңнамасында салық төлеушінің міндеттемелерінің негіздері мен пайда болу тәртібі, орындалу және тоқтату тәртібі орнатылуы тиіс.



UIB
SINCE 1992

- *Салық салудың әділеттік принципі.* Қазақстан Республикасында салық салу жалпыға бірдей және міндетті болып табылады. Жекелеген сипаттағы салықтық жеңілдіктерге жол берілмеуі тиіс.
- *Салық жүйесінің біртұтастық принципі.* Салық жүйесі Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында барлық салық төлеушілері үшін бірдей болып табылады.
- *Салықтық заңнаманың жариялылық принципі.* Салық салу бойынша сұрақтарды реттейтін нормативтік-құқықтық актілер ресми басылымдарда міндетті түрде жариялануы тиіс.



UIB
SINCE 1992

Салық жүйесі – бұл мемлекет бекіткен және орталықтандырылған, жалпы мемлекеттік қаржы ресурстар қорын құру мақсатымен алынатын салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің жиынтығы. Сонымен қатар олардың алу тәсілдерінің, әдістерінің, принциптерінің және салық органдарының қызметтерінің жиынтығы болып табылады.



UIB
SINCE 1992

Салықтар негізгі мынадай қызметтері

(функциялары) бар:

1. реттеушілік;
2. фискалдық;
3. қайта бөлу.



UIB
SINCE 1992

Қазақстан егемендікке ие болғаннан кейін 1991-1995 жылдары қабылданған бірқатар заңдарға сәйкес республикада жаңа салық жүйесі қалыптасты.

1991 жылғы желтоқсанның 25-інен бастап біздің елімізде салық жүйесі жұмыс істей бастады. Ол «Қазақстан Республикасындағы салық жүйесі туралы» заңға негізделді. Бұл заң салық жүйесін құрудың қағидаттарын, салықтар мен алымдардың түрлерін, олардың бюджетке түсу тәртібін белгіленген алғашқы құжат еді. Осы заңға сәйкес Қазақстанда 1992 жылға қаңтардың 1-нен бастап 13 жалпы мемлекеттік салық, 18 жергілікті салықтар мен алымдар енгізді.



UIB
SINCE 1992

Дамыған елдердің тарихынан салық мөлшерлемелері жөнінде мынаны байқауға болады:

- салық мөлшері салық төлеуші табысының 50 пайызынан асып кетсе, өндірістің тоқтап қалуына соқтырады;
- салық мөлшері салық төлеуші табысының 45-50 пайызы аралығында болса, жай ұдайы өндіріске әкеледі;
- салық мөлшері салық төлеуші табысының 35-40 пайызы аралығында болса, ұлғаймалы ұдайы өндіріске әкеледі.



UIB
SINCE 1992

УНИВЕРСИТЕТ
ПРАКТИЧЕСКИХ
ЗНАНИЙ

Өз-өзін бақылау сұрақтары

- Қазіргі кезде салықтар фискалдық рететуші және қайта бөлу сияқты қанша функцияны орындайды.
- Салықтардың реттеуші функциясы қай кезде пайда болады.
- Салықтың, оның қызметтерінің ұғымы мен мазмұны?
- Салықтың принциптері (классикалық, халықаралық, ҚР салық жүйесіндегі)
- Салықтың құрылу элементтері?

Ұсынылатын әдебиеттер

- Қаржы С. Құлпыбаев, С.Ж. Ынтықбаева, Мельников В.Д. Оқулық – Алматы. Экономика, 2011
- Ілиясов Қ.Қ. Құлпыбаев С.Қ. Қаржы. ЖОО-ға арналған оқулық - Алматы. ТОО «Издательство LEM», 2005
- Финансы. Под. ред. А.Г. Грязновой, А.В. Маркиной – М. Финансы и статистика, 2004
- ҚР – ның Салық кодексі 2008 - http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K080000099_/k080099_.htm